

«Әлеуметтік салада жобаны басқару» семинарының модулі

Өткізу уақыты: 24-25 сәуір 2019 ж.

Өткізілетін орын: Қызылорда қ.

Қатысушылар: Қызылорда облысының ауылдық ҮЕҰ өкілдері.

<b>1-ші күн</b>	
09:30-10:00	Қатысушыларды тіркеу <i>Семинар қатысушылары ұсынылған қатысушылар тізіміне өздерінің толық аты-жөндерін, байланыс ақпаратын, ұйым атауын жазып, қолтаңбаларын қояды</i>
10:00-10:30	Пре-Тест <i>Қатысушылар тренерлер тарапынан ұсынылған сауалнаманы толтырады.</i> Қатысушылармен танысу және олардың семинарға артқан үміттері. <i>Қатысушылар жұп-жұпқа бөлініп, белгіленген уақыт аралығында өз жұбы жайлы толық ақпарат алып, өзге қатысушыларға таныстырады. Танысып болғаннан кейін, әрбір қатысушыға семинардан күткен үмітін жазу үшін жапсырма (стикер) беріледі. Қатысушылардың үміттері жазылған жапсырмалар флипчарт бетінде бейнеленген ағашқа жапсырылады. Бұл семинардың соңында қатысушылардың күткен үміттерінің қаншалықты ақталғандығын анықтау үшін қатысушылармен талқылау жүргізуге көмектеседі.</i>
10:30-11:00	<b>Жоба менеджменті.</b> Қатысушыларға жоба менеджментінің анықтамасы түсіндіріледі. <b>Жоба менеджменті</b> – жобаның өмірлік циклі бойынша нақты нәтижелерді алу үшін ресурстарды тиісті жоспарлау, ұйымдастыру, басқару және бақылау <b>Жоба циклі</b> Топпен жұмыс <i>Қатысушылар реттік нөмір бойынша төртке дейін санап, төрт топқа бөлінеді. Тренерлер тарапынан 4 флипчарт қағазы және алдын-ала дайындалған жоба кезеңдері көрсетілген дөңгелекшелер беріледі. Тапсырма: Қатысушылар белгіленген уақыт аралығында флипчарт бетіне жоба кездерін ретімен орналастырып, көрсеткіш арқылы көрсетеді. Қатысушылар тапсырманы орындап болғаннан кейін, барлық топ өздерінің орындаған жұмыстарын скотч лентасымен тақтаға немесе қабырғаға жапсырады. Тренерлер және қатысушылар барлық топтың жоба циклін көріп, салыстырады. Жоба кезеңдері дұрыс орындалған болса қатысушыларға алғыс білдіреді. Егерде, кейбір топ жоба кезеңдерін дұрыс көрсетпесе, тренер сол топтың бір өкілін ортаға шақырып, себебін сұрап, ары қарай жоба циклін түсіндіреді.</i>
11:00-11:30	<i>Кофе брейк</i>
11:30-13:00	<b>PLA/Қауымдастықтың мұқтаждықтарын анықтау әдістемелері/құралдары.</b> <i>Қатысушыларға:</i> - қауымдастықтың мүддесін ұсынушы тобы және оның рөлі - мәселелерді анықтау (миға шабуыл) және мәселенің өзектілігін анықтау - Венна диаграммасы/институционалдық диаграммасы әдістері түсіндіріледі. <i>Қатысушылар өздерінің жұмыс жасау бағыты бойынша 4 топқа (жастар, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолдау көрсету, экология</i>

	<p>және гендер) бөлінеді. Тренерлер әр топқа алдын ала әр түрлі көлемде шеңберлер дайындайды. Әр топқа теңдей бөлінген шеңберлерді және флипчарт қағазын беріп, өзінің Венна диаграммасын/институционалдық диаграммасын жасауға тапсырма береді. Топтық жұмыс барысында тренерлер қатысушыларға кеңестер беріп, сұрақтарына жауап береді. Барлық топ тапсырмаларын орындағаннан кейін, өзге топтарға презентациялайды және талқылайды.</p>
13:00-14:00	Түскі ас
14:00-14:10	<p>Энерджайзер «Шығыс базары».</p> <p>Бұл ойын қатысушылардың бойын сергіту және өзіне қажет ресурсты қалай алуды үйрету мақсатында жүргізіледі. Ол үшін әрбір қатысушы үш қағазға өзінің атын жазып, бүктейді және тренерге береді. Тренерлер барлық қатысушының атын бір қалташаға салып араластырады және қайтып қатысушыларға үш қағаздан алдырады. Әрбір қатысушы үш қағаздан алғанымен, өзінің аттары қайтып өзіне келмейді. Белгіленген уақыт аралығында кез-келген тәсілді пайдаланып, әр қатысушы өзінің аты жазылған үш қағазды өзіне алуы тиіс. Тапсырманы орындап болғаннан кейін, тренерлер қатысушылармен не оңай, не қиын болды және қандай амал-тәсілді пайдаланғандығы жайлы сұрап, талқылау жасайды.</p>
14:10-15:00	<p><b>PLA/Қауымдастықтың мұқтаждықтарын анықтау әдістемелері/құралдары (жалғасы)</b></p> <p>Қатысушыларға:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қауымдастық картасы (топпен жұмыс)</li> <li>- маусымдық күнтізбелер</li> <li>- күнтізбе</li> <li>- мәселе ағашы (топпен жұмыс) әдістері түсіндіріледі.</li> </ul> <p><u>Тапсырма-1.:</u> 1. Қатысушылар жоғарыда бөлінген топ бойынша қайта орындарына жайғасып, әр топ өзінің қауымдастық картасын жасайды. 2. әр топ өзінің қауымдастық картасы арқылы ресурстарды анықтайды. Тапсырманы орындап болғаннан кейін, қатысушылар өздерінің картасын презентациялайды және қай жерден қандай ресурс алуға болатындығын көрсетеді.</p> <p><u>Тапсырма-2.:</u> 1. Әр топ өздері таңдаған мәселе бойынша проблема ағашын жасайды. Оның ішінде мәселе, оның себептері мен салдары. 2. Әр топ өзінің мәселе ағашын презентациялайды. Тренерлер қорытындылайды.</p>
15:00-16:15	<p><b>Жобаны дайындау және басқару</b></p> <p>Қатысушыларға:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жобаның мақсаты мен міндеттері</li> <li>- жобаның жұмыс жоспары</li> <li>- жобаның логикалық сызбанұсқасы</li> <li>- жобаның қауіп-қатерлерін болжау секілді жобаның негізгі бөлімдері түсіндіріледі.</li> </ul> <p>Әр топ өзінің мәселе ағашы негізінде жобаның мақсатын, міндеттерін, іс-шараларын, жұмыс жоспарын, логикалық сызба нұсқасын және мүмкін қауіп қатерлерін жазады. Тапсырманы орындау барысында тренерлер сұрақтарға жауап беріп, кеңестер береді.</p>
16:15-16:30	Кофе брейк
16:30-16:45	<p>Энерджайзер</p> <p>Қатысушылар тарапынан ұсынылған жаттығу.</p>

<b>16:45-17:30</b>	<p><b>Жобаны дайындау және басқару (жалғасы)</b>  <i>Қатысушыларға:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жоба бюджеті</li> <li>- жобаға мониторинг және бағалау жасау</li> <li>- жоба өміршеңдігі және тұрақтылығы секілді жобаның бөлімдері түсіндіріледі және талқыланады. Тренерлер өз тәжірибесі негізінде мысалдар келтіреді.</li> </ul>
<b>17:30-18:00</b>	<p><b>Қорытынды</b>  <i>Кері байланыс</i>  Тренерлер 1-ші күнді қорытындылау мақсатында сұрақ-жауап арқылы қатысушылардың берілген ақпараттарды қаншалықты меңгергендігін анықтайды.</p>
<b>2-ші күн</b>	
09:30-10:00	Өткен күнге шолу
<b>10:00-11:00</b>	<p><b>Жобаларды/бағдарламаларды басқарудың негізгі кезеңдері</b>  <b>Себеп-салдар байланысы</b>  <i>Қатысушыларға келесі тақырыптар түсіндіріледі:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- салым ресурстары (inputs)</li> <li>- қызметтер (activities)</li> <li>- аралық нәтижелер (outputs)</li> <li>- соңғы нәтижелер (outcomes)</li> <li>- ұзақ мерзімді нәтиже/ықпал (impact).</li> </ul> <p><u>Топпен жұмыс.</u> Тренерлер себеп-салдар байланысын анықтау үшін келесі сөйлемдер беріледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Фермерлер фермерлік шаруашылықты жүргізу жайлы жаңа әдістерді пайдалану бойынша білім алды және көрсетілім алаңдарына барды</li> <li>• Ресурстар берілді және фермерлер арасында таратылды</li> <li>• Өзара көмек тобы арқылы қажетті ресурстар мен қызметтерге мүмкіндік артты</li> <li>• Фермерлердің мінез-құлықтар және қарым-қатынастары, білімдерінде өзгеріс байқалады</li> <li>• Өзара көмек топтары құрылды</li> <li>• Ауыл шаруашылық өнімділігі артты</li> </ul> <p><i>Қатысушылар осы іс-әрекеттердің қайсысы аралық нәтиже, ал қайсысы соңғы нәтиже екендігін анықтаулары тиіс.</i></p>
11:00-11:30	Кофе брейк
<b>11:30-12:00</b>	<p><b>Мониторинг және бағалау үшін материалдарды жинау.</b>  <b>Деректерді жинаудың негізгі әдістері</b>  <i>Қатысушыларға:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сауалнама</li> <li>- интервью</li> <li>- фокус-топтар</li> <li>- бақылау</li> <li>- құжаттарды зерделеу әдістері, оның түрлері және артықшылықтары мен кемшіліктері түсіндіріледі.</li> </ul>
<b>12:00-13:00</b>	<p><b>Мониторинг және бағалау жоспары</b>  <i>Қатысушыларға:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- іс-шаралар өнімі</li> </ul>

	- индикаторлар түрлері және оларды қалай тексеру жолдары түсіндіріледі.
13:00-14:00	Түскі ас
14:00-14:30	<b>Жобаның мониторинг және бағалау жоспарын дайындау</b> <i>Топпен жұмыс. 1. Қатысушыларға өздерінің жобасының мониторинг және бағалау жоспарын дайындау бойынша тапсырма беріледі. 2. Әр топ өздерінің мониторинг және бағалау жоспарын презентациялайды. Өзге топтармен, тренерлермен талқылайды.</i>
14:30-15:00	<b>Жоба қызметінің циклі</b> <i>Қатысушыларға жобаның негізгі бөлімдері толығымен түсіндірілгеннен кейін, «жоба қызметінің циклі» жаттығуы беріледі. Әр топқа алдын алай дайындалған жоба қызметінің циклдері және флипчарт қағаздары таратылады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін, әр топ өзінің жұмысын тақтаға немесе қабырғаға іледі. Тренерлер және қатысушылар барлық топтың жұмысын көріп шығады және талқылайды.</i>
15:00-15:30	Кофе брейк
15:30-15:45	Энерджайзер <i>«Сыйлық дайындау» ойыны. Қатысушыларға команданың және оның мүшелері рөлінің маңыздылығы және көңіл күйлерін көтеру мақсатында оларды 4 топқа бөлеміз. Бөлмеде бар ресурстарды (қағаз, қайшы, желім, түрлі түсті қағаз, ақ қағаз, стакан, скотч лентасы, маркерлер, папкалар және т.б.) пайдаланып, топтардың бір-бірлеріне сыйлық дайындауға тапсырма береді. Әр топ сыйлықтарын дайындағаннан кейін, бір-бірлеріне сыйлайды.</i>
15:45-16:45	<b>Қаржыны басқару</b> <i>Қатысушыларға:</i> - шығындарды есепке алу жүйесі - сатып алу нұсқаулығы және олардың үлгілері түсіндіріледі.
	<b>Жоба командасы. Команда мүшелеріне жауапкершілікті бөлу</b> <i>Тренерлер жоба командасы, оның маңыздылығы және мүшелерінің жауапкершіліктері бойынша қатысушылармен талқау жасайды.</i>
	<b>Мүдделі тараптармен жұмыс</b> <i>Қатысушыларға мүдделі тараптар кімдер? Олардың жауапкершіліктері, қызығушылықтары, оларға ақпарат беру және оларды жобаға тарту жолдары түсіндіріледі.</i>
16:45-17:15	<b>Ақпарат менеджменті.</b> <b>Ақпараттарды құжаттау (Файлирование)</b> <i>Қатысушыларға ақпаратты жинау, оны сақтау жолдары түсіндіріледі.</i>
17:15-17:45	Сұрақтар – жауаптар <i>Тренингті қорытындылау. Тренингтің басында қатысушылармен бірге жасалған үміт ағашы талқыланады. Қатысушылардың тренингке артқан үміттері ақталды ма? Тренинг барысында берілген ақпараттар қаншалықты түсінікті болғандығы жайлы талқыланады.</i> Пост-Тест <i>Қатысушылар тренерлер ұсынған пост-сауалнаманы толтырады.</i>